

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

Курстық жұмыс

Тақырыбы: Қазақстан Республикасындағы
зергерлік жүйе

Орындаған: _____

Қабылдаған: _____

Астана 2006

Мазмұны

Кіріспе.....	2
1. Зергерлік және заманнан келе жатқан өнер.....	3
1.1 Зергерлік сақ дәуірінен бастау алған.....	3
1.2 Зергерлік өнердің тарихы.....	6
2. Зергерлік - мәдениетіміздің асыл қазынасы.....	10
2.1 Зергерлік өнерінің басты басты үлгілері.....	10
2.2 Қысқаша ашықтасу зергерлігі.....	15
2.3 Зергерлік өнердегі - ашықтас бұйымдары.....	20
3. Зергерлік өнімнің бүтінгі бағасы.....	24
3.1 Бүтінгі зергерлік өнімнің бағасы қандай?.....	24
3.2 Зергерлік бұйымдардың мемлекеттік мұражайы.....	25
Қорытынды.....	26
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	27

Кіріспе

Қазақтың зергерлік өнері – тамырын тереңнен алатын дәстүрлі мәдениеттің мәрікті және зернекті саласы. Зергер болу - кәсіп де қасиетті өнер саналған. Оған ең алдымен табиғаттан дарыған тума талапты керек. Екіншіден, ол – анадан балаға немесе ұстаздан шәкіртке ауысып отыратын тылсым сырлы бар, халықтың дәстүрлі дүниетанымымен, тарихи болмыс бітішімен, салт-дәстүрімен байланып отыратын қастерлі кәсіп.

Зергерлік- өте ерте заманнан келе жатқан өнер. Оны барлық халықтар жоғары бағалап, ең қалаулы өнер етті. Тарихи этнографиялық музейлердегі

археологиялық сәнді бұйымдар мен қарулар, ыдыс-аяқ, теңге моншалар, алтын мен күмістен жасалған асыл тастардан жасалған қымбатты заттар әлгі шеберлер қалдырған халықтық мұра болып табылады.

Қазақ шеберлері зергерлік бұйымдарды жасаудың сан алуан техникалық тәсілдерін жетік меңгерген. Олардың көпшілігі өмір салтына қарамастан биік техникалық және эстетикалық деңгейге қалай көтерілгеніне таң қалғаннан басқа шара жоқ. Олар үшін құю, шабу, шеку, бедерлеу, қалыптау, оймалау, қаралау, зерлеу, бұршақтау сияқты толып жатқан әшекейлеудің нәзік те күрделі тәсілдері үйреншікті машық болған. Олар көбіне жеке дара жұмыс істеп, жасы ұлғайған шақта шеберлігінің қыр-сырын келер ұрпаққа жеткізу үшін қолдарында шәкірт-көлекшілер ұстаған.

Сонда да халықтың қолындағы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан зергерлік бұйымдарды жасаған шеберлер негізінен белгісіз, әйтпесе, аса талантты, қазақ әжерін өзінің қайталанбас қолданбасымен байытқан кейбір шеберлердің есімдері күні бүгінге дейін жетті. Қазақтың әшекей бұйымдары – халықтық қолданбалы өнеріміздің ғана емес бүкіл ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы.

1. Зергерлік көне заманнан келе жатқан өнер

1.1 Зергерлік сақ дәуірінен бастау алған

Сонау көне сақ дәуірінен бастау алатын жоғары қолөнершілік дәстүр күні бүгінге дейін жетісін үзген емес. Сақ және сармат шеберлері мен зергерлерінің туындыларынан қазақ әшекейлерімен салыстыра отырып біз үлкен дәстүрлердің адам мәңгіліктеріне тәнті боламыз. Олар көптеген бұйымдардың композициялық құрылысындағы, сою-өрнек ырғақтарындағы ұқсастық заттарды дайындаудағы көне технологиялық тәсілде көрініс беріп отырады. Сақ дәуірінде дүниеге келген салтанатты бас киім үлгісінің басты сатылары қазақтың сәуленесі мен оның әшекейлерінде

күні бүгінге дейін сақталған Ғұндар заманының полхром мәнеріндегі бұйымдары мен Батыс Қазақстан , Түрікменстан зергерлік әшекейлері арасындағы ұқсастықтары тіптен таң қалдырады. Бұларға тек кейбір заттардың типологиялық жақындығы ғана емес көрнектеу мәнері және зергерлік бұйымдар өндіру технологиясы да толық сәйкес келеді. Оның айдың мысалы ретінде асыл бұйымдардағы үшбұрышты және ромб бейнесінде зерленген өрнектер мен көмкерме жиектерді, сондай-ақ қызыл тастан қондырылатын әр қысы ойшықтарды атауға болады.

Ежелгі және кейінгі орта ғасырларда шығысында монғолиядан батысында дунайға дейін созылып ұлан-байтақ кеңістікте ерекше дәуірлеген көркемдік мәнердің қалыптасуына түркі тайпалары елеулі үлес қосты. Ежелгі саз дәстүріне сүйене отырып, соғыс жорықтарында алапат жеңістерге жетуіне ерекше септігі тиген кездерінің әскери киім үлгісі мен қаты жауынгердің жасау-жарағын ойлап шығарды. Көптеген қалыптар арасында әсіресе ат әбзелдері, оның ішінде түркілердің ойлап тапқан ұлы өнері- үзенті мен айғып белдік жарақтары мен таралды.

Әсем өрнектелген айыпбасы, көркем қапсырмалары бар белдіктер – жауынгерлердің ажыралмас жоғары оның әскер қатарлаңдығы мен дәрежесінің белгісі. Белдікке бекітілген салтыншақ ішектерге қыпшы, қанжар, ұзақ түйек заттарға арналған кісе орналастырылады. XIX ғасырдағы жасалған осындай бір қазақ белдігіне сәндік қапсырма орнына екі темір түйме пайдаланылған Белдікке жапсырылмас бұрын олардың екеуі де әскери мундирлердің сәні болғанын айғартады: оның бірі – ресейлік, екіншісі- ағылшындық. Бұл кісе – еуропияның орталық азияға таласуы дәуіріндегі «үлкен ойынның» бірі кәсігері.

Жауынгер молаларынан табылған ат әбзелдерінің ішінде арқан-босағалар «найман ері» мәнеріне бейімдеу қазақы ердің алдыңғы , арқаны қастарын тапқан. Олар күліс және қыла әшекейлермен безендірілген. Ер тұрман жасаудың орта ғасырлық бұл дәстүрі орталық азияның көшпенділерінде XX ғасырға дейін сақталып келді және олар көптеген жерлерде көрнекті орын алған.

Түркілер дәуірінде есімдікке ұқсас өрнектің (шытырман) айрықша далалық нұсқасы кеңірей таралды, көзір оны біз қазақ әшекейлерінен және орыс шіркеулерінің еңді жазбаларынан көре аламыз. Дәл түркі дәуірінде туған өрлердің сол қаламына сырға таюу салты бүкіл ескі құтпа сәніне айналды. Бір қызығы, сырғалардың сұрақ бейнесіндегі бір үлгісін археологтар нақты түркі тайпасы- қыпшақтармен байланыстырады. Мұндай сырғалар көшегі көшпелілердің Орал мен Еділ өзендерінің төменгі сағасындағы Алтын Орда заманындағы обаларында, оңтүстік Орыс және Украина далаларында кездеседі. Осыған ұқсас сырғалар дәлгі қыпшақтың шығыс бөлігіндегі X-XI ғасыр обаларынан, ал даланың батыс бөлігіндегі XIII ғасырдағы обалардан табылған. Мұндай үлгідегі сырғалардың кеңістік пен уақыт бойынша таралуы қыпшақтардың қозғалысына сәйкес келеді. Зертгерлік бұйымдар коллекциясында осындай сырғалардың бірнеше үлгісі бар. Олар, бәлкім, бойға кіндетін сәнді әшекейлер сияқты аса қалтырап тұрмағанымен көшпелілер тұрмысында ғасырлар бойы қолданылып келген. Күнделікті және қол жетерлік заттар ретінде, бірқатар Орталық Азия халықтарының этникалық тегіне қатысты мәселелердің жұмбағын шешуге жәрдемдесе алады. Әр түрлі өзгеріске ұшырағанымен, олар күні бүгінге дейін жетіп отыр. Этнографтар мұндай сырғалардың қазақтардан басқа каракалпақтарда, ноғайларда, Еділ және Сібір татарларында, өзбектерде, қырғыздарда және түрікмендерде, яғни ұлт болып қалыптасуына басқа тайпалармен қатар қыпшақтар да ерекше ықпал еткен көптеген халықтарда да қолданылатындығын анықтай отыр.

Зертгерлік бұйымдардың толық коллекциясының қаншалықты ғылымға және ке екендігін осы бір мысалдың өзі-ақ аңғартып тұрғандай.

Мәңгілік елдеріміз – шеберлігі әртүрлі мектептер мен тұтас мәдениеттер арасында қызу қарым-қатынас тудырған дәуір. Әрбір мүмкін олар әрқаз ерікті түрде жүзеге аса қоймаған шығар. Дегенмен мемлекеттік сұранысты Талу шығыс пен Закавказьенің, Солтүстік Кавказбен Еділ бұлғарларының, Ресей мен Орталық Азия өнерпаздарының қанағаттандырып

отырағаны тарихи шындық. Бұл қорымда ұлы хан сарайының шебері болған Париждіу Гийюк Бүше білген зергер жұмыс істеген. Оның қарамағында елу жергілікті көмекшісі болыпты. Мұның бәрі зергерлік өнерді шығармашылық идея жағынан да, технологиялық тұрғыдан да шексіз байытты. Ола

1.2 Зергерлік өнердің тарихы

Қазақ арасында жалпы темір соғатын ұсталарды да, зергерлерді де «ұста» деп атаған. Ұста сөзі шебер, өнегелі, ісмер деген ұғымда ағаш ұстасы, темір ұстасы, күміс ұстасы, сөз ұстасы, ақыл айтуға ұста деген сөздікті тізбектерде айтып береді. Бірақ алтын-күміс әшекейлі бұйымдарды жасаумен әуесқенушілер өздерін темір ұстасынан бөлек санаған. Осыған қарай оларды зергер деп атау бүкіл Орта Азия халықтарында ерте кезден-ақ қалыптасқан. Бұл туралы академик саяхатшы П.С. Паллас өзінің 1776 жылғы

«Путешествие по разным провинциям российской империи» деген кітабында.

«...қазақтарда қыстақтар да зергерлер де бар», - деп жазады.

1803-1804 жылдар қазақ арасында тұтығында болған Савва-Большой деген адам да қазақтарда зергерлік өнерінің өте ертеден барын жазған. Ал революцияға дейін шығып тұратын самақ басқармасының «обзоры Акмолинской области за 1904 год» деген жинағында «...у казахов существует особое художники и золотых дел мастера» деп атап көрсетілген. Ақтөбе облысының батыс жағында тұратын А.К.Гейнс 1892 жылы «литературный сборник» дейтін еңбегінде «қазақтар күмісті балшық тостағаншаға салып, жуан қыбақ түбірінен жаққан көмірге қыздырып қорытады» деп жазды.

Зергерлік өнерінің Қазақстан топырағында соншалық ерте заманнан-ақ болғандығы туралы «Социалистік Қазақстан» газеті 1965 жылы 28 мартта былай деп жазды:

«Қазір совет археологтары белгілі бір тарихи дәуірлерде қалған мәдени және көркемөнер қазыналарын тапты. Солардың бірі Кеген ауданындағы (Алматы облысы) «Ақтас» қыстауынан табылған алтын сырғалар. Археологтар оның біздің заманымыздан бұрынғы бірінші-екінші ғасырда Жетісу бойын мекендеген Үйсін елінің зергер-шеберлерінің қолынан шыққандығын анықтады».

Зергерлік өнердің тарихында сирек кездесетін бағалы заттардың қатарына тарих ғылымының кандидаты археолог М.Қадырбаев басқарған экспедицияның Орталық Қазақстандағы Шідерті өзені бойындағы ескі қорғандарды қазғанда шыққан алтыннан, күміс пен алтын қыстауларынан соғылған әшекейлік-зергерлік бұйымдар да жатады. Олардың арасында Қазақстан археологтарының назарын аударып отырған жүке астын пластиналардан қалыпқа салынып жасалған арыстан, жолбарыс және аюдың барельеф – мүсіндері бар. Бұл асыл дүниелер де шамамен 2100-2300 жыл бұрын жасалған.

Осы деректерге қарағанда Қазақстандық шеберлер зергерлік өнерін ертеден-ақ білгендігі даусыз. Бірақ олар алтын-күмісті өздері қорытып өндіре

алмаған. Сондықтан оларды әерші орыс мемлекеттерінен сатып, айырбасқа алып отырған. Көсек күміс пен алтын оңайлықпен табылмағандықтан ол кездегі қазақ зергерлері көбінесе алтын, күміс ақшаларды қайта бақытып немесе сол күйінде соғып пайдаланған. 1895 жылғы «Обзор Самаркандской области» деген жинақта басылған «қырға барған алтын, күміс текшелер ақша болудан гөрі қазақтардың әшекей-өрнек жабдығына жарап жатыр» - деген хабарламасы, тағы көптеген деректер осыны дәлелдейді. Сондай-ақ қазақтың көне әдебиет мұраларында көп кездесетін «зер» «зергер» сөздері де бұл өнердің еліміздің ежелгі мұрасы екендігіне дәлел.

Қазақ тілінде алтын, күміс, жез, мыс сияқты түсті металдардан жасалып келеп суырылған жаптарды зер деп атайды да зерлі тоқ, зерлі шапан, зерлі киімешек және тағы басқа сөз тіркестері өте жиі кездеседі.

Зергерлер сән-салтанат бұйымдарын жүздеге берілетін заттарды және әртүрлі әшекей жасалғандарын жасады. Бірақ мұның бәрі де халықты айнауды озбырлардың және басының мүддесі үшін, солардың үй жасауларына керік беріп тұратын бұйымдар ретінде ұсталды. Алайда халық дарыны тек осы істердің текірегінде шектеліп қалған жоқ. Халықтың қамын ойлаған шеберлер ел сүйген ерлерді, маңдайы батыр, таңдайы шешен, еліне пана, жеріне тұла ұл-қыздарының үлгі істерін зергерлік өнерінде бейнелеп мұра етіп қалдыра білді. Сөйтіп қарапайым еңбекші бұқараның эстетикалық талғамын өсіріп, рухани мейірін қандыратын, еңбекке баулап, ерлікке бастайтын жаңа мазмұнды, жаңа нәрлі өнер тудырды.

Қазір зергерлік ісінің түрлері көбейіп, жұмыстың бұл салалары техникаландырылуда. Прессер, өрнек қалыптары, әр алуан шонғып ойымштығын құрал сымандар, электр мен жұмыс істейтін машиналар көбейді. Соның нәтижесінде жаппай тұтылатын көпшілік қолы зергерлік бұйымдар мұқалдан шығарылатын дәрежеге жетті. Істің техникамен жабдықталуы оның прогрессивтік қарқынмен алға басуына, жұмыстардың сапалы, әрі өнімді болуына жағдай жасады. Халықтың мұраның жақсы мәнгерлерін жаңа өрнек ұнасып, іс-әдістерімен жаңартуға мүмкіндік берді.

Қарағандылық А.Қоңырбергеновтың сүйектен ойып 40 түрлі ойыптар өрнектер салып, күмістен асадалы, Абылаев Асқардың алтын күміс бұйымдары Қ.Дүйсенқұлованың күміс ері Солтүстік Қазақстандағы Смағұлов Қараның сақина-жүзіктері, Семейдегі Б.Нұржанов пен Пазлардағы А.Есалмақтың асқан шеберліктен істеген асыл заттары зергерлік ісінің дамуының жаңа белгісі болып табылады. Ел арасындағы халық шеберлері түрлі көркем, нәзік істерді көбінесе қарапайым әдіспен орындайды. Зергерге аса қажетті қасиет- суретшілік, дәлдік, еңбексүйгіштік. Осыған қарағанда халық арасындағы- «зергердің көзі өткір, қолы ұсынақты, ойы жүйрік», «ерінбейтіндігі ерге күміс шабушыдай» деген сияқты мәтелдер зергерлікті әрі құрметтеу, әрі зергерге талап көю негізінде туғанға ұқсайды.

Халық зергерлері көбінесе білезік, өңіржелек, сақина, сырға тисілушыны (бұрын арман, күмістен өрнектел жасап, қалтаға салып жүретін), қызылша, күзе, шолпы, алқа, қапсырма, сәукеле, түйреуіш, мық, іпшек, саят бау, үзе, түйме, түйменің сабағы, бұрама, дөңбет (дөңбет), кемербелдік, кісе сияқты адамның өз бойын әсемдейтін заттарды жасады. Бірыс-алқ, жаш-төсек, ер-турман, қару-жарам, жазу жабдықтары, темекі сапышы, насыбай шақша, опа-сауыт, долпыра, қобыз, сырнай және тағы басқа алуан түрлі жазбаларды әшекейлейді.

Зергерлікті жұмыстың орындалу әдістеріне қарай: техника жолымен преске, қалыпқа салып қысу, балқытқан металдарды арнаулы қалыптарға құю, бір металға екінші металды оюластырып жапсыру, тұтас металдың бетін ою, сызу арқылы өрнектеу, металдарға алтын күміс жалату, металды қақтау, қуыстау, жұмырлау домалқтау, шашақтау сияқты бірнеше түрге бөлінеді. Енді осы металдарды талшықтап бұрау өру, тоқу, түйіндеу, еріп шашақтау, бунақтау, кесек металдарды үбелестіру сияқты қазақтың ұлттық зергерлігіне тоқталып, бұл ішкілердің қалай жасалатындығын әңгіме етейік.

2. Зергерлік - мәдениетіміздің асыл қазынасы

2.1 Зергерлік өнерінің басты басты ұлаілері

Қазақ зергерлері жасап жүрген білезіктердің: қос білезік, бес білезік, жұмыр білезік, орама білезік, бұрама білезік, кавказ білезік, көзді білезік, өрме білезік, үзбелі білезік, топсалы білезік, қолқа (қуыс) білезік деген түрлері бар. Бұлардың үлкен-кішілігі, ауыр-жеңілдігі әркімнің қалауынаша әр түрлі бола береді. Білезіктердің аталу түріне қарай, олардың бетіне жүргізетін өрнектер де түрлі-түрлі.

Қос білезік. Мұндай білезік жалпақ бауырлы тұтас келеді де үстіңгі беті қатарласқан қос жұмыр болады. Бұған көбінесе «сыңар өкше», «ырғақ»,

«бұрма», «көз» өрнектері салынады. Қос білезік салу Солтүстік Қазақстанда көбірек кездеседі.

Бес білезік. Бұл білезіктің бауыр сырты жалпақ, саят бәл сияқты. Ортасында топтасы болады. Білезіктің екі басы түйісіп түймеленеді. Білезіктің сырты жағында күміспен немесе алтын шынықармен шынықымдал қойған бес саяна бар. Саяналар өрнектеліп, тастан көз орнатылып әсемделеді. Білезікті білекке салардан бұрын осы бес саянаны бес саусаққа киіп алады. Бұдан кейін білезікті топтасынан сыртына қарай қайырына білекке салады да екі басын қайтадан түйістіріп, түймелеп қояды. Бес білезікке асыл тастардан алуан түсті көз орнатып, үстіңгі бетіне «ірек», «мүйіз», «қос қанаты», «Бері қылақ» сияқты күрделі өрнектер жүргізіледі.

Жұмыр білезік. Білезік салатын кісінің қалауынша жуандығы әртүрлі жұмыр күмістен киіліп жүреді. Білезікті кейде қолдың басынан білекке қарай киілетін етіп екі басын түйістірген шығыр формасында жасайды. Кейде қоспасын ашып білектің қырынан қыпсыратын етіп түйіскен жерін ашып жасайды. Жұмыр білезікті көбінесе соғып, егеп кеді. Ал қайсыбір жамбыс өрнектерін қалыпқа құйып шығарады. Жұмыр білезіктің қоспаға түйіскен екі басын қою шытырман өрнектермен сыртын неғұрлым көзік және сирек өрнектермен оюлады. Жұмыр білезіктің екі басынан басқа жеріне көбінесе өрнек жүргізілмейді.

Орама білезік. Қолға орай салатын белдік бейнесі жалпақ білезік. Мұндай білезіктің екі шеті кейде алтынмен көмкеріліп сызықталады. Ортасына жанарлар, өсімдіктер, геометриялық фигуралар тәрізді күрделі өрнектер жасалады. Кейде алтын, күміс аралас кавказды алады.

Бұрама білезік. Бұл жасалу жағынан өте оңай. Түр жағынан жасалғанды білезік. Білезік екіне үш бөлек жұмыр күміс шыбықтарды қосып бұрау арқылы істеленеді. Бұрама білезіктің екі басына әр алуан бедері бар бунақтар, бұрнақтар, жиектер келтіріп кейде олардың үстіне тас көздер орнатып әшекейлейді.

Кавказ білезік. Мұндай «қара ала білезік» деп те атайды. Бұл білезікті жасау кавказ қалықтарынан ауысқан Кавказ білезі, кавказ сақина, кавказдалған күміс белдік деген атаулар осыдан шыққан. Кавказ білезіктің қара көк түсті өрнек жүргізіледі де күміс қара ала болып көрінеді. Кавказ (қарала өрнек) үлгісімен «күйіз», «кырек», «түл», «жапырақ», «бұрыш» өрнектері өте сәнді жасалады.

Көзді білезік. Жұмыр немесе жалпақ күмістің, не алтынның бетіне бедерлі өрнеулер жасап, ақ, көк, қызыл, жасыл түсті асыл тас көздер орнатады. Көздерді ұстап тұратын бағыру, сызу, бұрыштау әдістерімен өрнектеледі.

Өрме білезік. Сәндік дайындалған жуан алтын күміс жіптерді өріп құрастырыпта білезік жасайды. Мұндай білезіктен тұтас екі жақ басы екі алақан сияқты тұтас келеді. Осы алақанның бетіне «қазтабан», «күрреңде», «қосырғақ» өрнектерінің бәрін жүргізеді.

Үзбелі білезік. Шығыр, доғабас, ілмек өрізді етіп соғып бөлек-бөлек күмістерден жасаған білезікті «үзбелі білезік» дейді. Күмістен, алтыннан үзбелеген осындай білезіктерді қол сағаттың бауы есебінде де пайдаланады.

Топсалы білезік. Ортасынан екіге қайтарып алуға екі басын топса арқылы түйістіріп жабуға болатын білезікті топсалы білезік дейді. Топсалы білезіктің топсасы өте биік және өрнек мәнерімен үйлеседі де сырт қарағанда білінбей тұрады. Білезіктің екі басы ілмек тиек арқылы жалғасады. Соңғы кездегі жаңашыл шеберлер топсалы білезікті қол сағат пен қоса жасап өрнектеп жүр.

Қолқа білезік. Шұжық, тәрізді жұмыр, бірақ іші қуыс білезік соған қарай оны кей облыстарда шұжық білезік деп те атайды. Ол өте жеңіл әлемі болады. Оны кейде балдар мінетін аттардың аяқтарына да салатын болған.

Өрнек тәрізге, бір елге тән мәнеріне орнатылған көздердің санына қарай, әр жерде әр түрлі аталатын білезіктер көп. Білезіктер негізінде әйелдерге тән Бойжеткен қыз сүйген жігітіне ұнатқандығының белгісі ретінде жүзігін, білезігін сыйлайтын.

Сақина мен Балдақтар

Сақина мен Балдақ саусаққа салынады. Бұларда негізі әйел жасқаулары болып саналғандықтан оларды ерлерде салады. Бірақ әйелдер барлық саусақтарына екі үштен қосарлап сала береді де, ерлер бір деңгейде саусағына және біреуін ақ салады. Сақина мен Балдақты жүзік деп те атайды. Сақинаның бауыры шығыр болып келеді де, көздің сыртына қараған жағына көз салынады. Ал Балдақ деп көзі жоқ бірыңғайын айтады. Ертерек кезе еркектер көбінесе Балдақ салады екен. Бұлардың алдыңғысы алтын, күміс, Болский сақина («польский») деген сөзден шыққан деп ал соңғысы, алтын, күміс Болский Балдақ деп аталған.

Сақиналар әшекей мәнеріне, көздерінің бейнелеріне қарайда әр түрлі аталады, мысалы тасты сақина, моншақты сақина, кавказ сақина, күт мұрық сақина, ығрақ сақина, бұралалы сақина және т.б. Балдақтарды осындай түрлеріне бөліп атайды. Тек алтын Балдақ, күміс Балдақ дейді. Сақиналар көбінесе сол күрестен соғылады. Көзді сақинадан бөлек соғып қалыпқа салып өрнектеп алады да Балдағына дәнекерлеп бекітеді. Кейде көзді ұстап жасап, оған жарқырауық тас шыны орнатады. Сақина сырғалардың көздеріне қазақ шеберлері дайын күйінде сатып әкелінген мынадай тастарды пайдаланған: теңбіл тас (сланец пятнистый), сүгас (хрусталь), көктас (малахит), күлшырма тас (перламауыр), құбылтас (александрит), дүбіржат (изумруд), жақұт тас (жюнг), лағыл (рубин), жарқырауық тас (самодвет) гаухар (бриллиант) ақтас және янтарь пайдаланған. Осындай ғажайып әдемі тастардың ішінде янтарь күн сәулелі тас туралы профессор А.Машанов 1962 жылы 14 январьда «Социалистік Қазақстан» газетінде бір қызық деректер жазды. Оның айтуынша жоғарғыдағылар сияқты әдемі тастар бір кезде «кереметті тас» деп саналған. Мысалы, олардың кейбіреулерін адыға күт болады жанбыр шақырады деп, кейбіреуін шипалы, тіл көзден шықтайды деп сенген. Янтарьдың ғажайып сипатын грек ғалымдары осыдан 2500 жыл бұрын білген. Оны парсы тілінде хакруба (өзіне тартқыш) дейді екен. Себебі ол шапты, шәпті өзіне тартып алады. Янтарь тегінде біртүрлі ағаштың

сорғыған шайырдың шығарды. Оның ішінде құрт-құмырсқа, қонды сияқты жәндіктердің денесі тілі қалпын сақтап қалып қояды. Бұл туралы асақты ғалым Н.В.Ломоносовтың янтары ішінде қалған шыбын-піркейге айнаған бір өленінде (Қабаның хандарданда артық екен) дейді. Янтардың ең көп табылатын жері біздің Балтық теңізінің жағалауы.

Кейде зергер қырланып боялған моншақ шыныларды да сақина көздеріне отырғызады. Әдеміленген сүйектен, мүйден, слюдадан жасалған түйме бастар орнатылған сақиналар да көп кездеседі.

Сақина, балдақтарды ажарландыруда да жоғарыда айтылған егеу, ысу, қайрау сияқты әдістер қолданылады.

Шолпы - әйел әшекейлерінің ішінде сәнді әрі күрделілерінің бірі. Қазақ арасында оның түрлері өте көп. Шолпыны сәк-әшекей ретінде, сондай-ақ оның салпыңғының әсерінен шаш ұзын болып өседі деп тартқан. Мұны байлықтың, баршылықтың белгісі деп те санаған. Қазақ сатында шолпыны қызар мен жас қалыңшектер тағады, ал егде тартқан әйелдерге ерсі болса керек. Ал білезік сақиналарды қарт әйелдер де сала береді.

Шолпылардың жалпыға бірдей ел арасына көп тараған түрлерінің мынадай аттары бар: қоныраулы (сыңдырмақты) шолпы, қозалы шолпы, қос үзбелі шолпы, көзді шолпы, көп үзбелі шолпы, саят баулы шолпы, маржанды шолпы, шаш теңге т.б. Бұлардың түрлері мен әшекейтері әр алуан, істелу әдістері де әр қышы. әр жердің шеберлері өзінше мәнер (стиль) ұстанады. Солай бола тұрса да, олардың сырт көріністерінде көпке ортақ ұқсастық бар.

Қоныраулы шолпы біріне-бірі тізбектелген бірнеше ромбы бейнеле, күміс құтышалардан қаралады да, олардың ішіне сыңдырмақтар салынады. Құтышалардың сыңы әр түрлі өрнектермен безендіріліп, барып-буышына күлтелі меруерт, моншақ, теңгелерден салпыншақтар үзбеленеді. Қоныраулы шолпылардың әрбір детальдарын ұстап тұратын алтын, күміс алақандары бар. Құтышалар мен салпыншақтар көптігіне қарай, біріне бір тегіліп, ажарланумен қатар шыңдырлап, сыңғырлап дыбыстар шығарып тұрады.

«Сыңғырлаган күлкісіне сыңдырлаган шолпысы үн қосады» дейтін тенеулер осыдан қалған.

Қозалы шолпылар да негізгі алақан төңірегіне үзбеленген ромба, тұмарша, домалақ қозалардан құралып, көптеген салтықшақтардан тұрады. Қозалардың сабақтары қызыл, көк, жасыл су моншақтардан жасалып, әр түрлі теңгелермен, таналармен, сабақты түймелермен әшекейленеді. Қозалардың сыртындағы өрнек-оюлары қазақдалады. Әр алуан түсті асыл тастар бір-біріне шағыптысып, күннің шамның жарықтарымен нұрланады да сан алуан сәулелермен құлшырып тұрады.

Үзбелі, қос үзбелі шолпылар көбінесе арналып соғылған әшекейлі шаш теңгелерді, ақша теңгелерді бір-біріне үзбелеп жалғастыру арқылы жасалады. Бұлардың алақанлары екі бұрылға екі бөлек жасалып, не әр бұрылға екіден төрт бөлек болып жасалады. Теңгелер мен теңгелердің арасындағы үзбелер кейде лента сияқты күміс баулықтарды дәнекерлеп ұстау арқылы, кейде теңгелерді тесіп шығыр өткізу әдісімен тізбеленеді.

2.2 Қақтап әшекейлеу зергерлігі

Мұндай әдіс ер-тұрмаз, асадал, шығырман қазық, қанжар, селбе (селебе), селсер, айбалта, найза, садақ, орындық, босаға, аңшылық мүліктеріне және осыар сияқты көлемді жазбаларға қолданылады. Мысалы, ердің қасына күмісшеуді алайық. Күмістеніп ағаш-ер әдейі соған арналып бөлек шебілады. Сондай дәтр ердің қасына өлшенген жалпақ темірді кейде тұтас күйінде, кейде оның өзін де оюлап кесіп, етеп алады. Содан кейін күмісті қақтап жапсырады. Ол үшін күміс қақталатын әлгі өлшеніп және оюланып кесілген темірдің бетін ең алдымен түрлі сияқтандырып асыл

шапқымен шабады. Қолдан жасалған түрлі ұзақ болуы керек. Сығыз тартылған күмісті осы түрлінің үстіне өрнектей отырып балпамен батылады. Мұны зергер тіпкіге қақтап жапсыру дейді. Күміс бұйымдардың және күмістелген әшекейлердің бетіне ұя жасап қымбатты тастар жарқырауық шынылар орнату әдісі де заттарға әдемі ажар береді.

Күмісті тегзе (сығыз) салып тарту.

Соғуға, созуға қолайлы болу үшін қоспасыз таза күмісті таңдап алады. Таза күміс ірімей жақсы соғылады және сығыз салып жіңішкерте отырып созуға да ыңғайлы. Таза күміс жай қарағанда да көрікті. Сондықтан қазақ зергерлері ең таза күміс деп жамбы күмістерді ұстайды. Жамбы деп қорытылып құйылған кесек күмістерді атайды. Жамбының үлкендігі мен формасына қарай, қазақ арасында белгілі алты түрлі атауы бар. Оларды үлкеннен бастап айтамыз: «бесік жамбы», «ат бас жамба», «қой бас жамба», «тай тұяқ жамба», «қой-тұяқ жамба», «асық жамба» деп атайды. Жамбы күмістері қарағанды, ал енді осы күмісті жіңішкертіп созып сайқанды сылм деп атайды. Сылм дегеніміз ұзыны 20-25 см, көлденеңі 3-4 см, қалыңдығы 2 см төрт қырлы ұзынша темір. Бұл темірдің ортасында тегдігі шеге сияндай, тесіктен бастап, бір тал шам өтетіндей ғана сақшылауға дейін тарыта беретін, бірінен бірі кіші 11-18 тесік бар. Бұлардың араларында үлкенді кішілі шар, жарты шар титтес шұңқыр ұштар жасалған. Шеберлер бұл ұяға шегелерді сылғызғырлай отырып, әр түрлі көлемдегі мық шегелердің түйіршектерін жасап өрнектейді.

Күмісті қорытып тазартып алған соң оны шегенің үлкендігіндей етіп, ұзындығын 10-15 см шамасында жұмырлап соғады да, сылмның алғашқы өтетін көзінен бастап, бірте-бірте тар көздерден өткізіп тартады. Күміс әр бір тесіктен өткен сайын, жіңішкеріп шамшай болып созылып шығары созылға күміс машиқ жабінің ағашына оралады немесе кесте қып сияқты домалақтанып жиналады. Мұны күмісті сығыз (тегзе) тарту дейді. Халық арасындағы «сығыз тартқан күмістей әдемі» дейтін теңеу осыдан шыққан.

Күміс жіптің ұшына әлсіз шабылған темірдің түрлі бетіне өрнектеліп саяз отырып балға мен бір қалыпты ұрады. Ұрылған күміс түрлілердің бұзылғына жапсарласып, өзінің жуан жіңішкелік мөлшеріне қарай жапсақтана, өрнектеліп қалыады. Қақталған күмісті ердің қасын төсеп алады. Оған ең беру үшін оны жұмсақ қағрақпен және түрлі қағазбен, одан кейін кпізбен, ең ақырында жұмсақ мақтамен ысқылайды.

Күміс қақталатын темірге шеге қалыпатын болса, онда оны күміс қақталмай тұрып төсіп алады. Тұтас күмістелген темір бұйымның бетінде өрнексіз қалатын ашық жерлер болмайды, ондай жерлерге арнаулы безеуіш, безубас деген құралдар арқылы ою ойылып күміс сіңіріледі де, оның бетіне қарала жасалады. Кейде онда бос жер қалып бара жатса, мұсатыр мен күмісті ерітіп алып жалатады да, бетін безулеп қояды.

Құйма алтын мен күмісті өрнеклеу.

Жұмыр, домалақ, қырлы, төрт бұрыш және т.б. бейнелердегі заттарды тұтас құйма алтын, құйма күмістен жасайды. Бұларға әр түрлі бейнеде құйылған жамбы, ат бас алтын, ділде, құйма білезік, құйма жүзік, алтын аяқ, жамбылар жатады. Алтын, күмісті ерітіп, қалыпта құйып бедерлеу әдісімен алтын қасық, күміс ожау, сағат қаптары сияқты заттар да істеледі. Құйма алтын мен құйма күміс халық дәстүрінде асыл қазына, үлкен мұра деп есептелген.

Құйма алтын мен күмісті өрнеклеу үшін оған қажетті қалып жасалады. Мұндай қалыптарды халық шеберлері қалайдан, қорғасыннан, жезден немесе майдаланған саз балшықтан, қайты араштан, мүйізден жасайды. Қалыптың ішкі бетіне жасалатын өрнекті оюды немесе қалыптың өзін сол өрнекке қалтайды. Осындай қалыпқа құйылып шыққан сол алтын не күміс сол қалыптың ішіндегі әр түрлі өрнектермен бедерленіп шығады.

Сол күміс пен алтынның беттерін асыл бізбен, өткір қашаумен, пышақтың ұшымен сызып өрнектеуге де болады. Қолөнер шеберлері өрнектеліп болған заттарды әделілеу үшін оны түрлі қағазбен, мақтамен, мақпалмен, жұмсақ матамен ысқылап жылтыратады. Сақна, білезік, сырға,

шолпы сияқты бұйымдарды қазақ зергерлері көбінесе осындай әдіспен жасайды. Сыртқа тартылған біркелкі созылған күміс жіптерді бұрап бәрің тоқып, кейде алтын күміс заттарға әр түрлі асыл тастардан көз орнатып оларға мың қазғарқылы өрнекті сәнді жижаздар істейді.

Мәселен, атақты зергерлердің бірі Түсіпжан Омаралын әйелдерге сыныпқа тартуға арналған салмағы үш жүз граммдық сыңар жұмыр білезікті былай жасған. Жұмсақ ақ бордан иленген ұзындығы 20-21 см жұмыр таяқшаның әуелі ортан белін, одан кейін екі жақ басын біздің күшімен өрнектеп сызып, өрнегінің мінсіздігін тексереді. Ол үшін керосин құйған панжарасыз (жайдақ) шам жағып, өрнектелген таяқшаның екі басын шаңның түтініне ұстап қарайтып алады. Одан кейін жұмсақ ақ қағазға таяқшаның басын кезек-кезек ауната басап, таяқшаға сызылған өрнек ақ қағаздың бетіне ал-айдың, мәрдей болып басылып шығады. Зергер бірлі-жарым ернек сызығының мінін түзейтін болып (мұны зергерлер іш қалып деп атайды), енді сырт қалып жасауға кіріседі. Ол үшін өсімдік майына иленген замасканы әлгі таяқшаға жалғырып, қалып жасайды. Қалып сәл тобарсыған соң өткір пышақпен қалыптың сыртын екі жақ жағынан басын тіледі де, таяқшаны алып тастап, қалыпты қайтадан ұсады.

Замаскадан жасалған қалыптың сырт пішіні мен үлкендігі бір кесек сабынға ұқсайды, таяқша жасалған ұяның бір жақ басы тұйық болады. Шебер сол қалыптың аузын жоғары қаратып, май қосып, мүсөтір араластырған күмісті ожауынан шүмікше суатынан ағызып қалыпқа құяды. Енді үш-төрт минут өткеннен кейін мінсіз тазу, әсем өрнекті жұмып күміс таяқша дайын болады.

Істің осы кезінде еггілік пен жылдамдық та керек, өйткені күміс ұшып кетсе, оны қоралға келтіру қиындай түседі. Ширақы қимылдап жүрген шебер ыстық таяқшаны темір қысқышпен егілеп қана көтеріп қорғасын қалыпқа салады. Одан кейін қорғасын қалыптың сыртынан арнаулы темір қысқышпен дөңгелектелп шығыр бейнесіне келтірілп кгенде, ол нағыз білезікке ұқсал қалады. Бірақ күміс білезіктің сырты әлі де жылғыр, тегіс емес. Сондықтан

зергер оны өзінің егеулерінің ішіндегі ең майдаларымен әржерін кезек кезек етейді. Одан кейін тұрлау жазбен, шұға лентасымен, ең соңында бархытпен үйкелеп, майға өлтірілген сынап тотығымен тәжі да біраз ысқалағанда заводтан шығарындай болып жарқырайды. Оған қарағанда халықтың «күмістің жанын зергер салады» дегі бұл өнерді орындай бағалаудан тұған жай.

Зергер Абылаев қынама бел, көк бархыт камзолдың алдыңғы қаусырмасына тәжу үшін қызыл жасұт тасымен бұршақтал екі алтын түйме жасады. Зергер түйменің сабағын күмістен, тасының қабын алтын жалатқан жіптен тоқып әшекейлейді. Бұл үшін керекті алтын мен күмісті тезге тарту әдісімен жіптіктеп, әзірлеп алады. Алтын жіп № 10 машина жібіннің жіңішкелігіндегі, күміс жіп сатушылар жазатын жай қараңдастың ұшындай жуандау болады. Зергер күміс сынының бір ұшына 3 см жерден екі қабаттал кейін бүктейді де, екінші ұшына әлгі екі бүктеуге жеткен бірінші қабаттың тұсынан жуантып өзге екі орап шығыр жасайды. Солай екі қабатталы тұрған бірінші ұшықты бастыра екі сантиметрдей орап бұрайды. Бұл түймені сабағы дәлр деген сөз. Шебер енді сабақтың бұраудан тыс қалған бір см тұйық басына шахмат сызығымен бұжырланған жасұт моншақты кигізеді де, әзір тұрған алтын жіптігін күміс сабақтың моншақтан әнтек шығып тұрған бүлдіргісінен өткізіп алып бұжырдың шахмат сызықтары бойымен тоқып шығады. Алтын жіптің екі ұшында мүжіт бекітіліп, алтын түйме әзір болады.

Әйелдердің омырауға тағатын алқа, тана, жарма, шытырман, қоза, көз түймелері сияқты заттарды көбінесе арнаулы қалыптарға салып сынап жасайды. Бұл үшін темір қалыптың ұясына салынған жұқа және жұмсақ күмістің үстіне қатты көсек қорғасын қойып, содан кейін не күшті қысыммен басып сақтайды, не қорғасынның үстін балзамен ұрғышайды. Күміс түсімен қорғасын жұқа күмісті өрнекті қалыптың ішіне жапсыра кетіп тұрады. Осы әдіс арқылы қалыптағы өрнектің бедерлері күміске батады да, өзінің өрнек іздерін қалдырады. Сонынан қорғасынды кесіру бізбен шұжып алып тастайды, кейде қорғасынды алмай сол бетінде қалдырып та қояды.

2.3 Зергерлік өнердегі –әшекей бұйымдары

Дәстүрлі зергерлік өнерде шеберлер әр түрлі құрал саймандарды өздері жасап пайдаланған. Олардың бір қатарлары мыналар: көрік, қышқаш, төс, сым тартқыш.

Зергерлердің аса көп жасайтыны - әйелдердің әшекей бұйымдары. Қазақ әйелдері кеуделеріне алқа, құлақтарына сырға, шаптарына алпыс, білектеріне білезік, саусақтарына жүзік таққан.

Бір-біріне үзбелеп бекітілген үлкенді-кішілі өрнекті алқалардан құралатын салмақты да салтанатты өңір-жінектер аса көзтартарлық әсем болады. Қатар-қатар тізбектелген тастар қиырылып жасалған тамақ алқа

асып матамен әдістеледі. Алтынжу-маржан қадалған тамақшалар – қыздар жәді тағатын бұйымдар.

Кеудеге тәзілпатын әшекейлер қатарына түрлі-түсті, сәнді түйреуіштерді, асыл тасты тұмарларды, небір қымбат тастармен безендірілген таналар мен күмістен соғылған түймелерді, ілгешектерді жатқызуға болады.

Қыз-келіншектердің аса сүйіп тағатын әсемдік бұйымның бірі – сырға. Қазақ зергерлері сырға жасаудың тым көне сырларын меңгерген. Мәселен, Қарғалы археологиялық қазбасынан біздің заманымызға дейінгі кезеңге жататын алтын шекелікпен бірге тас қондырылған сырға табылған. Қазақ зергерлері жасайтын ай сырға, тас көзді сырға, күмбез сырға, қозалы сырға, салпыншақ сырға, шұжық сырға, сабақты сырға, шашақты сырға деген сияқты әр өңірде алуан әдістелген түрлері көп.

Зергерлік бұйымдардың тағы бір түрі – қыз-келіншектер шаштарының ұшына тағатын шаш теңге, шолпы, шашбау деп аталатын әшекейлер болған. Шаш теңгелер мен шолпылар көп жағдайда әсем шырышықталған күміс үзбе бауларға бекітілген тоғыз теңгеден тұрады. Тоғыз – қазақ ұлылығында киелі сандардың бірі. Олар бір-бірімен ұзыннан-ұзақ жалғасып, шаштың ұшына бірге өріледі. Шаштың ұшында салбырал тұрған әшекейлер қыз жүрісіне үн қосып, әсем әуен шығарады.

Шашбау да бір-біріне сын үзбелер арқылы бекітіледі. Орталарына асыл тастардан қондырылған теңгелер тізбегінен құралады. Ұшы сәнді шашақпен немесе күміс әшекейлермен әсемделеді. Шашбау шаштың түбіне бекітіліп, бұрышпен бірге салбырай тегіліп тұрады.

Әйел әшекейлерінің ішінде ертеден келе жатқан және күні бүгінге дейін кең қолданылатын әсемдік бұйым – білезік.

Білезік оңдар қолға да, қос қолға да тағыла береді. Бірнеше бөлшектен құралған, ашпалы-жапбалы, сом темірден тұтас құрылған жұмыр түрлері болады. Соған орай оларды сом білезік, жұмыр білезік, қарта білезік, қақпақ білезік, бес білезік, сағат білезік деп әр түрлі атайды. Олардың ішінде алтын,

күміс, нәзік шыңжырмен шайдалып жалғасып жататын бірнеше жүзігі бар білезіктер де кездеседі. Зергерлер білезіктерге неше түрлі өрнектер салып, тас қондырып, қара ала жүргізіп, сіркеліп, бұрала шпратып әсемделген. Олар көбінесе күмістен соғылады.

Әйелдердің саусақтарына тағылатын зергерлік бұйымдардың бір түрін жүзік немесе сақина деп атайды. Сақиналар тұрғыттық дәстүрде, негізінен, үйлену салты кезінде қолданылады. Соң алтыннан құйылатын мұндай сақиналарды жас жұбайлар аты жоқ (төртінші) саусағына тағады.

Ұзатылған қыздарға нәзік жасалған құс мұрын жүзік лайықты. Ал өс көзді, ауқымды етіліп соғылған салмақты жүзіктерді құдағи жүзік деп атаған. Жасы ұлғайған әйелдер, әсіресе, жылы-тойларда әр саусағына бірнеше жүзіктерді қабақтап тағатын болған. Зергерлер алтыннан, күмістен, құйып, қақтал, соғып, шекімелеп, қара-ала жүргізіп шығыршық темірден торлап, небір тапала өрнектер салып, асыл тас қондырып әлқим түрлі жүзіктер жасаған. Олар жасалу түрі мен қолданылу ретіне қарап отау жүзік, жемпаты жүзік, тасбақа жүзік деп атаған.

Кімнің екі өкірін бір-біріне қосып тұру үшін тағатын әшекейдің бірі қапсырма. Ол бір-біріне топса арқылы бекітілетін екі бөліктен тұрады. Олар үш бұрыш, сүйір, доға тәріздес, төрт бұрыш, солақша тәрізді әр түрлі пішінді болады. Көбінесе күмістен құйылады, тапталып, шекімеленіп жасалады. Қапсырманың бетіне аң-құстың, ай мен күннің немесе есімдік тектес өрнектер салынып, тастар қондырылып әсемделеді.

Қазақ халқының ұлттық киімінің сәнін келтіретін тағы бір маңызды бөлшегінің бірі – белдіктер. Көбінесе бағырлар мен аңшылар тағатын белдіктер қос қабақтанан былғарыдан жасалынады. Олар берік болып келеді. Белдіктің күміс қапсырмаларына ай мен күннің, аң-құстардың символикалық бедерлері салынған. Түрлі қарулар мен көрек-жарақтар ілінетін салпыншақтары бар болған.

Қыз-келіншектердің белдіктері күміс әшекейлермен сәнделеді, бірақ ерлердікіне қарағанда нәзік әшекейлері мол көркем болады. Олар теріге,

асып маталарға (барқыт, уақтал, түліш т.б.) жалсырылады немесе нәзік сымдармен үзбеленіп бекітілген қалпырмалар мен әсемделіп жасалады. Белдіктердің өз сипаттарына қарай көмер белдік, кісе белдік деп аталатын түрлері кездеседі.

Металдан түрлі бұйымдар жасау дәстүрі қазақтарда ежелгі заманнан бері сақталып келеді. Дәстүрлі ою-өрнек, композициялық принциптер, метал өңдеудің тәсілдері: жасықтау, сіркелеу, қаралау, шеку және басқасы халық өнерінің осы бір түріне бірегейлік және ұлттық өзіндік ерекшелік береді. Қалыптау әдісімен киімді, жабдықты, киіз үйдің бөлшектерін безедіру үшін кеңінен қолданылған сан алуан пішінді күміс қалпырмалар жасалды. Ойық және бедерлі суреті бар қалыптап қолданылған Қазақтың зергерлік бұйымдарының пластикалық өзіндік бейнесі сондай-ақ бедерлі графикалық өрнекпен тіркестірудің арасында қалыптастырылды. Көркем бейнелі күміс қалпырмалар киіз үйдің ағаш бөліктеріне, әйелдер мен ерлердің бас киімдеріне, музыка аспаптарына, баланың бесігіне, ағаш төсектерге, бедерлі өрнегі бар былғарымен қалталған сандықтарға, ерлердің кісе белдіктеріне, қоралсаққа, қасқар қышына, ат әбзеліне, ағаш және тері ыдысқа өзіндік сән берді. Алуан пішінді қалпырмалардың мөлшері әр түрлі болатын, бірақ оларда безендірілген затпен етене байланып, әрқашан сақталып отырды. Күміс қалпырмалар қалыптау немесе шекімелеу тәсілімен жасалды. Білімі жағынан қалпырмалар сан алуан- жайтақ, бедерлі, тұйық және шілтерлі қатаң симметриялы және ассимметриялы болатын күміс қалпырмалар мен қалпырмалардың кең таяған білімі әр түрлі- жұмыр күлтелі үш бұрышты, сопақ, пальметто тәріздері, шашы гүл өрнек нұсқалары. Бұйымдарды жозыңыуға арналған қалпырмалар жасаған кезде қазақ зергерлері шеку, жосықтау, өзеңгеу жалатпа, нақыш тәсілін шебер пайдаланады. Ерлер белдіктерінің күміс қалпырмаларының өрнегі жүйелі ұрпақтармен түрлі бейнелі пішіндердің тізіле кезектесуімен, бірегейлігімен және ғажайыптығымен ерекшеленеді. Күміс тоғабаспен, мысалы, ұлттық мәдениеттің белгілі жәдігері – ұлы қазақ ақыны А.Байдың әкесі Құнанбайдың

белдігі баяндалған. Осы қалпақ бұлғары белдік асыл тастан мез салған бедерлі күміс қалтырмамен әшекейленген. Түрлі бітімді күміс қалтырма шеку тәсілімен геометриялық және көгеріс өрнектері салынған. Күміс тоғабастағы көп кездесетін бедер өрнектің арасында соярық белгілер, құстар (көбінесе бүркіт) гүлдер болатын. Қазақ өзінің көшпенді өміріндегі жақсерігі-аттының ер-тұрманына үнемі көңіл бөліп отырды. Бұл қолданбалы өнердің сан түрлерінің шеберлерінің қатысуын талап ететін күрделі, тұтас және әшекейі мол жиынтықтама болатын. Таза күміс және күміс жалататын тоғабастар мен қалтырмалар ат әбзелінен кең көрініс тапты. Ірі тоғабастарда тарыпта (?) айып сияқты әбзелдерге, ал ұсақ қалтырмалар жүтең, өмілдірік, ер тоқып, жабдықтарын әшекейлеу үшін қолданылады. Қазақ зергерлері өнерінің аттың ер тұрмадан нақыштаудағы өзіндік ерекшелігі-өрнек элементтеріндегі ұрпақ салыстырмалы нақтылығы және өрнектің зат пішімімен үйлесім тауып жатуында. Күміс қалтырмалар бұлғары сандықтарға жағынғандарға ғарышат сәнділік пен зат әлемінің салтағатты сипатын береді. Күміс қалтырмамен қымыз пісіруге арналған піспек, тостаған, омау баяндалады. Күнделікті қажеттілікке әдетте білім жағынан қарапайым, аса сәнді әшекейі жоқ ыдыс жасалды. Қымызға арналған ыдыстың күмістен нақышталуы көшпенділердің осы байлығы және шипалы сусынына деген ерекше көзқарасын айқын аңғартқандай.

3. Зергерлік өнімнің бүгінгі бағасы

3.1 Бүгінгі зергерлік өнімнің бағасы қандай?

Соңғы жылдары елімізде өнеркәсіп ошақтарын жаппай аяу және кен көздерін игеру барысында оң өзгерістер байқала бастады. Әсіресе, отандық алтын өндіру өнеркәсібінде қомақты жұмыстар атқарылып отыр. Енді міне «Қазақстанның алтыны» деген жазуы бар отандық өнімміз де экспортқа шығарыпуда. Табиғат-ананың оң көзі түскен қазақ жеріне бүгіндері

алтынның мол қоры жиналған 220 кенті аймақ табылса, соның 80-ге жуығы ғана кешенді өндіріс ошағына айналып отыр. Оның өзінде «Қолда барда алтынның қадірі жоғ» дегендей, өндірілген өнімді өңдеуге кешенде сыптау көбейіп, болар болмас тиын-тебенге шет елдерге сатып жүргеніміз де өтірік емес. Кейін сол Қазақстан алтынды деген аттан жұрдай болған өнімді тауар ретінде астрономиялық бағамен қайта сатып алып жүргеніміз өкінішті-ақ. Міне, осынау оқиқыштарды болдырмау үшін ұлттық ою-өрнек нақышталып, тарих қойнауынан сыр шертер өнер туындыларын тұтынушыларға ұсыну барысында Қазақстан зергерлер ассоциациясы жаңа бастама көтеруде. Елімізде алтыннан тауар өндіру және геммологиялық экспертиза жасау, зергерлік өнімнің нақты бағасын шығарып, сапасына сын көзбен қарап арнайы мамандар да дайындалған.

Біздің еліміздің еркін барша әлемге паш етер алтыншымызды өңдеп, төл туынды ретінде жеткізуге біздің елде барлық мүмкіншіліктер жасалған және ол ең жоғарыда сұрыптауға жауап бере алады. Қазақстан алтыннан шет мемлекеттерге швейцариялық сағаттардан бірде-бір кем емес отандық сағаттарды ұсынуда. Отандық алтынмен көмкерілген бұл туынды «Зергер» маркасымен айналысқа шығарылып отыр. Қазақстандықтардың алдында тұрған ендігі мақсат, ол- отандық алтын және басқа да бағалы тастардан жасалған экспортқа өзіміздің өнімді қысылып-қымтырылмай шығарар уақыт келді. Дайын өнімді сатып алар құр саудамен шұғылдандудан аулақпыз. Сапасы қандай да бір сынға жауап бере алатын өзіміздің алтыншымыз тұрғанда өзгенің өнімін тасу елдігімізге сын.

3.2 Зергерлік ұйымдардың мемлекеттік мұражайы

Зергерлік бұйымдардың мемлекеттік мұражайы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы қаулысына сәйкес ұйымдастырылған. Бұның қызметі бойынша ол ғылыми-зерттеу, мәдени-көпшілік мекеме - және дәуірден бүтінгі заманға дейінгі Қазақстанның зергерлік өнер ескерткіштерінің негізгі қоймасы болып табылады. Мұражай коллекцияларын көрме және бұқаралық

ақпарат құралдары арқылы насихаттайды. Қорлар жыл сайын теңдесіз экспонаттармен толықтырылады. Мұражай коллекциясының тарихи бөлігі есебі қола дәуірден – б.з.д. 2 мың жыл (б.з.д. 16-14ғ.) басталады. Бұл жерде алтын пластиналардан «алтын жапырақ» стилінде жасалған бұйым. Мұражайдың теңдесіз экспонаты - 1969-1970 жылдары К.Ақшөз басшылығымен археологтар тобының Алматы маңында «Есік» қорғанынан табылған зергерлік өнер үлгісінің жарық туындыларының бірі «Алтын киімдегі жауынгер». Оның уақыты б.з.д. V-IV ғ. Сақ жауынгерінің киім үлгісін қалпына келтіру оның жақсы сақталуы арқылы мүмкін болды. 4 мыңнан аса алтын бұйымдар түрлі техникалар – құю, штампілеу, қырлау, өрнектеу және т.б. арқылы орындалған.

XIX ғ. күмістен, алтыннан, табиғи және жартылай бағалы тастардан жасалған дәстүрлі қазір зергерлік бұйымдарының түрлі-түсті көрмесі мұражай коллекциясының қызықты бөлігі болып табылады. Асылқы әбзелдері, қару-жарақ, әйелдердің зергерлік бұйымдары – бұлардың бәрі де үлкен шеберліктен жасалып, күнделікті өмірде қолданылған. Материалы және орындалуы бойынша үлкен шеберліктен жасалған «Өңіржәк» - кеуде бұйымы, «сәукеле» - келіншекке арналған бас киім - жоғары маңызды кезектерде кигізілген зергерлік бұйымдар. Зергерлік бұйымдарды жасау техникасының тамыры тереңде жатыр – қазақ зергерлері және шеберлердің дәстүрлерін жалғастырып, эстафета бойынша біздің қазіргі шеберлеріне жеткізіп кетті. Біздің замандастарымыз – зергерлер – шеберлердің қалыптасқан дәстүрлеріне ұқыптылықпен қарайды.

Қорытынды

Зергерлік өнері - халыққа көп тараған сәндік және қосалқы өнердің бір түрі. Алтын, күміс, асыл тас және сүйекті пайдаланып, сәк-сауанат үшін әшекейлі жиһаз, қыз-келіншектердің сәндік бұйымдары мен қару жарақ, асылы-саймақ, ер - тұрман әзірлеу өнері болған. Оған тас, сүйек, металл, бояу, былғары сияқты материалдар кең түрде пайдаланған.

Зергерлік өнерді халық өнері деудің мәнісіне келсек, жасалған сәнді бұйымдарды бағытта бұл ұста жасап, безендірген, өз заманында оны пайдалану жөнін халық білген. Бірақ көп ғасырдан кейін оның аты ұмытылап, жасаған бұйымды халықтыңкі болып кеткен.

Ғасырдан ғасырға жалғасып, жекелентен ұстапардың қолынан шыққан әсем бұйымдардың халықтық деп аталуы осыдан. Қазақ халқының зергерлік өнері ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алады. Өнердің бұл түрін төркіні мыңдаған жыл әрде жатыр. Зерттеушілердің көп жасаған бұйымдардың қатарына әйелдерге арналған әшекейлер жатады. Әшекейлер тек сән-салтанат үшін ғана емес, әдет-ғұрып, нағым сенімге тікелей қатысты болғандықтан кез-келген әлеуметтік ортаның өкілдері мүмкіндігінше әр түрлі әшекейлер тағуға тырысқан.

Қазір зергерлік ісінің түрлері көбейіп, жұмыстың бұл салалары техникаландырылды. Престер, өрнек қалыптары, әр алуан жонғары, сызғыш, ойыныптығыш құрал –саймандар, электірмен жұмыс істейтін машиналар көбейді. Соның нәтижесінде жалпай тұтынатын көпшілік қолды зергерлік бұйымдар молынан шығарылатын дәрежеге жетті. Істің техникамен жабдықталуы оның прогресивтік қарқымымен алға басуына, жұмыстардың сапалы, әрі өнімді болуына жағдай жасады. Халықтық мұраның жақсы мәнгерлерін жаңа өрнек, ұнасып, іс әдістерімен жаңартуға мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбдірасілова, Бақыт. Ашылмаған сыр көп асыл өнер [Мәтін]: [Ел іліп- өнер кеніші]// Өнер әлемі.- 2006.- №4 -12-13б.
2. Жұмабаева, Айжан. Зергерлік өнімнің бағасы қандай? [Мәтін]: [Нарық: даму әрдістері]// Астана хабары.- 2006.- 2 ақпан.- 2 б.

3. Зергерлік бұйымдар [Мәтін] [Мәтін]: [Зергерлік өнер]// Инфо-Центр.- 2006.- 10 наурыз.- 9 б.
4. Кейіні, Жәрдем. Қыздар мен әйелдердің зергерлік сынғы бұйымдары: [Қазақы атаулар мен байламдар]// Алаш үні.- 2005.- 24 маусым.- 9 б.
5. Қазақтың зергерлік әшекейлері [Мәтін]=Казакские ювелирные украшения / идрост. Ш. Ж. Тоқтабаева.- Алматы: Өнер, 1985.- 154 б
6. Қазақтың зергерлік бұйымдары [Мәтін] [Мәтін] /авт. К. Матыжанов ; суретші: Е. Козлова ; бас ред. Қ.Байғабдылова.- Алматы: Аруна, 2002.- 11 б.: сурет.- (Сен білесің бе?)
7. Қазақстанның қане зергерлік бұйымдары [Электрондық ресурстар] [Электрондық ресурс] =Старинные ювелирные изделия Казахстана / шғы. ред. М. Кенжебай ; ауд. "Тілмаш" ЖШС.- Алматы: RGB-Studio, 2004.- 1 электрон. Мәлім: 1 электрон. Опт диск (CD-ROM) :